

## Ақмола облысында әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырудың ережелерін бекіту туралы

## *Күшін жойған*

Ақмола облысы әкімдігінің 2009 жылғы 26 қантардағы № А-1/17 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 6 ақпанда № 3306 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2009 жылғы 4 маусымдағы № а-6/243 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2009.06.04 № а-6/243 қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы және «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Зандарына сәйкес Ақмола облысының  
әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

## ҚАУЛЫ

Е Т Е Д І :

1. Қосымша беріліп отырған Ақмола облысында әлеуметтік жұмыс орындарын үйімдастырудың ережелері бекітілсін.
  2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары F.M. Бекмағамбетовке жүктелсін.
  3. Облыс әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

## *Облыс әкімі*

A. Pay

Ақмола

о б л ы с ы

ӘКІМДІГІНІҢ

26

## Кантардағы

2009

ЖЫЛҒЫ

№

A - 1 / 17

К А У Л Ы С Ы М Е Н

бекітілген

## Ақмола облысында әлеуметтік жұмыс орындарын үйімдастырудың ережелері 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ақмола облысында әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырудың ережелері (бұдан әрі - Ережесі) «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және халықтың нысаналы топтарынан жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырудың тәртібін анықтайды.
  2. Осы Ережелерде келесі ұғымдар қолданылады:
    - 1) әлеуметтік жұмыс орны - жұмыс беруші нысаналы топтардағы

жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін жергілікті атқарушы органмен шарттық негізде құратын, жұмыс берушінің олардың еңбегіне ақы төлеу шығындары ішінара өтелетін жұмыс орны;

2) уәкілетті орган - жергілікті атқарушы органдардың аймақтық деңгейде халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу ісін және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі - уәкілетті орган);

3) нысаналы топтар - жұмысқа орналасуда қындық көріп жүрген және әлеуметтік қорғауды қажет ететін адамдар ретінде «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген адамдар топтары.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жұмыссыздарға Қазақстан Республикасының еңбек, зейнеткерлік қамтамасыз ету және сақтандыру жөніндегі заңнамалық актілер тарайды.

4. Уәкілетті органдар жұмыспен қамту мәселесі бойынша халықтың нысаналы топтарынан жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарында жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі.

## **2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және жұмысқа орналастырудың тәртібі**

5. Әлеуметтік жұмыс орындары жұмыс берушінің уәкілетті органмен жасасқан шарттың негізінде ұсыну немесе уақытша жұмыс орындарын құру арқылы ұйымдастырылады.

6. Уәкілетті орган жұмыс берушімен жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарында жұмысқа орналастыру жөнінде шартқа отырысады, онда тараптардың міндеттері, жұмыс түрлері мен көлемі, еңбек ақысының көлемі мен талаптары, әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландырудың көздері мен мерзімі көрсетілуі тиіс.

7. Уәкілетті орган әлеуметтік жұмыс орындарына жұмыссыздарды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушіні анықтайды.

## **3. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландырудың көздері мен жағдайы**

8. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыссыздардың еңбегін төлеу еңбек шартының талаптарына сәйкес жұмыс берушімен ай сайын жүзеге асырылады.

9. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыссыздардың еңбегі

нақтылы атқарылған жұмыс көлеміне қарай төленеді.

10. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыссыздардың еңбек ақысына жұмыс берушілердің жұмсаған шығындары жергілікті (аудан, облыстық маңызы бар қала) бюджет қаражаты есебінен алты айдан аспайтын мерзімде ең аз жалақының 50 пайызы мөлшерінде, жергілікті (аудан, облыстық маңызы бар қала ) бюджетінде қарастырылған қаржы аясында төленеді.

11. Әлеуметтік жұмыс орындары алты ай өткеннен кейін сақталуы мүмкін ( жұмыс берушінің бастамасымен) және әлеуметтік жұмыс орындарындағы жұмыссыздардың еңбегін төлеу бюджеттен қандай да бір өтеусіз-ақ жұмыс берушінің қаражатынан жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК